# Баскетболдан бақ сынасты

Жақында қала және ауыл мектептері оқушыларының арасында спорттың бір түрі "Баскетболдан" "Алтын доп" жүлдесі үшін жарыс өтті. Бұл жарысты өткізудегі негізгі мақсат: салауатты өмір салтын қалыптастыруда баскетбол ойыны арқылы мектептер арасындағы үздік командаларды анықтау. Жарыс талабы мен ережелерін орындау барысында ер балалар арасында жүлделі 1 орынды Ы.Алтынсарин атындағы гимназия, 2 орынды Б. Майлин атындағы № 3 орта мектеп, 3 орынды А.Құнанбаев атындағы № 6 орта мектеп иеленді. Сол сияқты қыз балалар арасында ерекше көзге түсіп, 1 орынды № 2 орта мектеп, 2 орынды Ш.Уалиханов атындағы №1 орта мектеп, 3 орынды № 4 орта мектеп оқушылары жеңіп алды.



"Алтын доп" жүлдесі үшін болған жарыстың жеңімпаздары қалалық білім бөлімінің спорт әдіскері О. Дәркенов бағалы сыйлықтармен және қосымша білім беру орталығының Кубогымен марапатталды. Жеңіс тұғырына жеткен жеңімпаз командалар 8-10 желтоқсан күндері Қостанай қаласында өтетін облыстық "Алтын доп" жүлдесіне жолдама алды. Шапшаңдық пен қажырлықты қажет ететін осындай іс-шаралар алдағы уақытта да өз жалғасын таба береді.

**Ғабдырахмен САРЖАҚОВ,**
**қалалық "Баскетбол" спорттық секциясының**
**қосымша білім беру**